

Хабарлама

Жалпы білім беретін Ғ.Мәсәлімов атындағы орта мектеп КММ кітапханасында өткізілген жұмыстардан хабарлама.2021-2022 оқу жылы

Бастауыш сыныптар арасында көптеген шаралар өткізілді.Мысалы: «Кітап-ақылшы досым», «Болашаққа кітаппен», «Көркем әдебиеттерді оқи білеміз бе?». 5 сынып оқушыларымен «Адамгершілік-асыл қасиет» тәрбиелеік шара өткізілді. Атаулы күндерге өзекті мәселелерге байланысты арнайы тақырыптар бойынша кітап көрмелері ұйымдастырып тұрады.Білімгер оқырмандардың әр минуты санаулы, уақыты тығыз, соныдықтан кітап көрмелерінен өздеріне керекті деректерді нақты түрде ала алады.Әр саладағы кітап көрмелері арқылы оқырмандардың білімін, ой-өрісін дамытуға, рухын көтеріп, қиялына қанат бітіретін әдебиеттермен таныстырып отырамыз.кітапханада кітап көрмелері «Менің Отаным-Қазақстан», «Абай әлемі-асыл мұрамыз», «Тілім менің-өмірімнің айғағы», «Ерлік-ел мұраты».»Ел болашағы білімде, Бар жақсылық балаларға, Ертегілер әлеміне саяхат т.б Балалармен мен жасөспірімдердің кітап оқуға деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігін дамыту үшін келесі тақырыптық жобаларды іске асыру. Бастауыш сыныптар үшін:Әжемнің ертегілері бастауыш сынып оқушыларына үзіліс кезінде бір мезетте ертегілер оқуын ұйымдастыру.Оқу марафоны, «Бөдененің құйрығы неге келте?», «Түлкі тасбақа және кене», Ертегілер еліне саяхат оқыған ертегілерден үзінді қою.Балаларға базарлық, өлеңді жатқа айту, Батырлар жыры оқу марафоны.Шешендік сөздер талдау.Лиро-эпостық жырлар тақырыбы мен идеясын ашу.Мақсаты: оқушыларды кітап оқуға оның ішінде ертегілерді оқуға шақыру, ертегілер арқылы жалпы дамуға, рухани құндылықтарды бойларына сіңіру.Кітап оқудың, оның ішінде ертегілерді оқудың маңызын ашу.Кітап оқудың, оның ішінде ертегілерді насихаттау жолдарын көрсету. Нәтиже: оқушылардың оқу дағдысын, оқу сауаттылығын қалыптастыру, оқушылар ертегілердің маңызын зерттейді, ертігілерді оқи отырып қиялдайды, қажетті дағдыларды күнделікті өмірде қолданады, ертегі туралы шағын әңгіме жазады.«Ертегілер әлемінде жобасы» (ертегі-бұл адамгершілік мектебі, «үлкен әлемге терезе», балалық шақтағы тұлғаның дамуының рухани негізі үшін ерекше маңызды).Жоба аясында: балалар әдебиеті, ертегілер, фольклор, аңыздар, батырлар жыры, эпостар және т.б ұсынылады.Оқылған кітаптар негізінде, шығармашылық байқаулар бейне, сурет, көлөнер байқауларын ұйымдастырылып, соның нәтижесінде «үздік оқырман», «үздік әңгімеші», «үздік ертегіші», «үздік ертегі кейіпкері» анықталады.

«Балалар мен жасөспірімдер кітабы айлығы» жобасы.

Жоба білім беру саласының танымдық, сөйлеу, әлеуметтік-коммуникативтік, көркем-эстетикалық, физикалық даму секілді бағыттарын біріктіруге ықпал етті.Сондай-ақ балалардың бойында кітап білімнің қайнар көзі түсінігін қалыптастырып, кітапқа қызығушылықты және оған ұқыпты қарауға тәрбиелейді.

«Ұлы халықтың Ұлы Абайы»

(7- 8 сынып оқушылары арасында кітап көрме ұйымдастырылып, Абайдың кара сөздерінен талдау өткізілді). Мақсаты:

- Абай шығармашылығын жас ұрпақтың «жүрегіне терең бойлатып», Абайдың жұмбақ әлемінің тылсым сырларына үңілту;
- Ғұлама Абай мұрасын, нақыл сөздерін, философиялық ой - толғауларын насихаттау.

5-6 сынып оқушыларымен «Ғарышқа бір сәттік сапар» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: қазағымыздың мақтанышына, батырына айналған ғарышкерлеріміздің ерен еңбектерін оқушыларға таныстыру. Олардың ерліктерін бойына сіңіру. Оқушыларға ғарыш туралы түсінік бере отырып, алғаш самғаған әлемдік және қазақстандық ғарышкерлер туралы мағлұмат беру. Сонымен қатар балалардың ғарыш әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру. Мақсаты: оқушыларға кітап оқуды насихаттау арқылы көркем туындыларды оқыту болып табылады. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында таңдалған 30 кітаптың тізімі оқушыларға ұсынылды. Сонымен қатар қазақтың көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына орай кітап оқуды ұсыну «Әдеби вернисаж» шарасы оқырмандар арасында ұйымдастырылып, қорытындыланды. 1-4 сынып оқушылары жазушы Ы. Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» кітабынан жұмбақтарды шешіп, өлеңдерін мәнерлеп оқыды. 20 минут оқыда, 3 минут эссе жаз» акция

Мақсаты: Оқушылардың оқу мәдениетін жетілдіру, ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын ұлғайту мақсатында «20 минут оқыда, 3 минут эссе жаз» айдарында оқушылар арасында жазушы Ы. Алтынсариннің «Өнер білім бар жұрттар», «Кел, балалар, оқылық» кітаптары оқылып «Әке мен бала» және «Бай мен жарлы баласы» тақырыптарында эссе жазылды. Мектеп дәлізінде «Даланың дара ұстазы» атты жазушы Ы. Алтынсариннің шығармаларына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылып, «Дала жұлдызы» атты Ы. Алтынсариннің кітаптарына картотека жасалып, оқушыларға таныстырылды. Қорытынды: Оқуға құштар мектеп жобасы аясында кітап оқуды ұсыну «Әдеби вернисаж» шарасында ұлы ағартушы, тұңғыш мектеп ашқан, алғашқы ұстаз Ы. Алтынсариннің өмірбаянымен танысып, ағартушының өлең, әңгімелерін оқып білді, осындай тәрбиелік мәні бар әдеби вернисаж арқылы оқушыларды білім алуға, өнерге, ғылым жолына түсуге, кітапты көп оқуға шақыру. «Жаз кітаппен» бағдарламасы. Жоба аясында «Кітаппен саяхаттаймыз», «Оқу сәнді», «Библиодемалыс» тақырыптарында бейне және фото байқаулар, флэшмобтар, акциялар, марафондар, book dating, жазғы лагерьлер, ашық аспан астындағы кітапхана ұранымен саябақтарда жазғы оқулар, буккросинг, ұйымдастырылды. 5-9 сыныптар үшін «20 минут оқыда, 3 минут эссе жаз» кітап оқу акциясы (үзіліс кезінде бір мезетте ұжыммен кітап оқу), Кітап оқу акциясы Б. Соқпақбаев Мәнің атым Қожа, Ер тарғын, Ғ. Мүсірепов Ұлпан, С. Мұратбеков Жабайы алма, М. Әуезов Абай жолы, Абайдың қара сөздері. Мақсаты: Кітап оқуды насихаттау және оқуға шақыру, жас ұрпақтың бойына ұлтжандылық, елжандылық қасиеттерін сіңіру және патриоттық тәрбие беру, кітап оқуға басшылық жасау. Күтілетін нәтиже: Оқушылардың оқу дағдысын, оқу сауаттылығын қалыптастыру, тақырып бойынша эссе жазуға дағдыландыру.

«Отбасымен кітап оқимыз!» жобасы. Отбасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру мен сауаттылықтың алғы шарттарының бірі ата-аналардың өздерінің кітап оқуы және баланы туылғаннан бастап бірге кітап оқуға баулу. Кітаптың өмірдегі орнын балалар сезінуі қажет.

«Өнегелі ертегілер» кітабын бастауыш сыныптарға оқу сағаты өткізілді. Мақсаты:

- 1) оқушыларды халық ауыз әдебиетіндегі ертегілермен, ертегі кейіпкерлерімен таныстырып, ұлттық рухани біліммен қаруландыру;
 - 2) оқушының тілін, қиялын, сөздік қорын халық мұрасы арқылы дамыту;
 - 3) оқушыларды ертегіні сүйіп оқуға, адамгершілікке, шындыққа, елжандылыққа тәрбиелеу.
- 2 сыныптармен «Жануарлар туралы ертегілер» Мақсаты: Ертегіге деген қызығушылығын арттыру, олардың бойында шығармашылық ізденіс қалыптастыру, көркемдік талғамын, шығармашылық қиялын, ойлау кеңістігін дамыту. «Ертегілер әлеміне саяхат» атты 4 сыныптар арасында

ертенгіліктен көріністер өткізілді. Мақсаты:

1. Оқушыларға ертегі туралы айту, оның түрлерін бөле білу. Ертегілердің кейіпкерлеріне мінездеме бере білуге үйрету.
2. оқушылардың ойлау, есте сақтау, еркін сөйлеу қабілеттерін дамыту.
3. Оқушыларды ертегіні сүюге тәрелеу. 6-7 сыныптармен «Батырлар жыры» оқу марафоны өткізілді.Мақсаты:

Білімділігі: Батырлар жыры туралы мәлімет беріп, жырдан үзіндіні таныстыру. Жырдағы батырлар ерлігін, халқы үшін жанын беруге дайын екендігін түсіндіру.

Тәрбиелігі: Ойлау қабілеттерін, қиялын жыр кітаптар, суреттер арқылы, тірек кесте толтыру.

Мақал – мәтелдердің мағынасын ашып түсініп, дамыту;

Дамытушылығы: Елін, жерін қорғауға тәрбиелеу.8 сыныптар арасында ата-аналарымен «Оқырман ата-ана - оқырман бала» атты тәрбие сағаты өткізілді.Мақсаты: Оқырмандарды кітап оқуға баулу, әдеби-классик жазушыларының шығармаларын оқу, балаларды жас кезінен кітап оқуға қызықтырып, отбасылық оқу дағдыларына бейімдеу. Кітапхана мен отбасы арасындағы тұрақты қарым-қатынасты қалыптастыру.Күтілетін нәтиже:Отбасымен бірге кітап оқу,оқыған шығармалар бойынша викториналар өткізу, кейіпкерлерінің суретін салу, оқыған кітабы бойынша емтихан тапсырады немесе жоба қорғайды,Әлеуметтік желілерге бейнероликтер жолданады, Ынталандыру (сыйлық берілді Барлық оқырмандар үшін

Кітаппен өткен демалыс күндер қызық атты кітап оқу марафонын күзгі,қысқы, көктемгі, жазғы демалыс кезінде кітап оқуын ұйымдастырдық. «Жәнібек пен атасы» . Құстар туралы ертегілер (1-4 сыныптар) Т.Әлімқұлов «Тұлпардың тағдыры», Қалқаман Әдікадыров «Қажымұқан» (5 6 7 сыныптар), Б.Майлин «Шұғаның белгісі», Мұхтар Мағауин «Шақан-Шері», М.Әуезов «Қорғансыздар күні» (8, 9, 10, 11)

Мақсаты: Жас ұрпаққа әлем және қазақ халықтарының озық көркем шығармаларын насихаттау, демалыс уақытында бос уақытын тиімді ұйымдастыру.

Күтілетін нәтиже: о қыған кітабы бойынша кейіпкерлерінің суретін салу, шағын әңгіме жазу, кітапты жарнамалау. 2-6 сынып оқушыларына «Даналық әліппесі» инновациялық сөйлейтін қаламның нұсқаулығы таныстырылды. «Даналық әліппесі» кешенінің мазмұны:Зияткерлік технология негізінде әзірленген «Даналық әліппесі» оқырмандардың өрелерін өсіріп, шешендікке тәрбиелейтін, халқымыздың асыл мұраларын игеріп, рухани тұрғыдан байи түсулеріне қызмет ететін құнды дүние.«Даналық әліппесі» әр отбасындағы ата-әже, әке-шеше, бала-шаға – барлығына ортақ рухани құндылықтар жиыны, білім бұлағы, ақпараттық-насихат қоры. Ол – халық даналығын бойына жиган «электронды» ата-әже. Ғ.Мәсәлімов атындағы орта мектеп кітапханасы «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында ең алдымен мектеп оқушылары осы жоба барысымен таныстырылды.Жобаның мақсаты:оқушыларға кітап оқуды насихаттау арқылы көркем туындыларды оқыту болып табылады.«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында таңдалған 30 кітаптың тізімі оқушыларға ұсынылды.Сонымен қатар қазақтың көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсарин кітап оқуды ұсыну «әдеби вернисаж» шарасы оқырмандар арасында ұйымдастырылып, қорытындыланды.1-4 сынып оқушылары жазушы Ы.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» кітабынан жұмбақтарды шешіп, өлеңдерін мәнерлеп оқыды.Мектеп оқушыларына жалпы оқырман қауымға Тәуелсіздікке - 30 жыл толуына орай «Тәуелсіздік-тұғырым» атты кітап көрмесі шығарылып, сынып сағаты өткізілді.Мақсаты: Оқушыларға Тәуелсіздік - Желтоқсанның жемісі, Тәуелсіздік жолындағы

күрестерді ғасырлар қойнауына жалғасып келе жатқан ұлы тарихтың бір белгісі екендігін түсіндіру, тақырыбында сынып сағаты 9-10 сыныптар арасында «Мұқағали Мақатаев-поэзия алыбы» Мақсаты: 1. Мұқағали өлеңдері арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, байланыстырып сөйлеуге баулу. 2. Оқушыларды отан сүйгіштікке, тіл сөз өнерін қадірлеп қастерлей білуге тәрбиелеу. Кітап оқу осы жылғы оқуға құштар мектеп жобасын іске асырудағы өткізілген бірқатар іс-шаралардың нәтижесінде оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығы артты және кітапты таңдап оқуға ынталанды, оқырмандардың көбейгенін көрсетеді. Бұл бағыттағы жұмыстар алға қарайда жүре береді. Барлық оқырмандар үшін өткізілген шаралар:

BOOKCROSSING «Оқы және өзгеге ұсын» Жобаның негізгі идеясы- өзара кітап алмасу, Кез келген адам оқыған қызықты кітаптарын Буккроссинг сөрелеріне қойып, орнына сол сөреден өзі оқымаған кітапты алып оқыған кітаптарын достарымен бөліседі.

BOOK BINGO-танымдық ойыны. Мақсаты оқырмандарды кітап оқуға тарту, кітапқа деген қызығушылығын ояту, кітапхана қорындағы кітаптармен танысу, жарнамалау. Ойын барысында оқушылар оқуға ұсынылған кітаптармен танысып, кітаптардың аттарын олардың авторларын жаттап алды. Ойын жеңімпаздары: Кәусар Хамит, Ақылбекқызы Ардақты құттықтаймыз!

READx BOOK - Мақсаты: оқырмандардың басын біріктіру, ол жасына, мамандығына қарай міндетті емес. Кітап оқуға қызығушылығы бар адам қатыса алады. Жүру барысы: Бұл жобаға «Спикер» және «Дауыс берушілер» қатыса алады. Яғни, спикер деп отырғанымыз-кітапты жарнамалаушы, жобаға қатысушы. Дауыс беруші дегеніміз-сол кітаптың мазмұнын тыңдаушы және «Оқимын», «Ойланамын» деген смайлик арқылы дауыс беруші, яғни залдағы қатысушы. Бұндай дауыс беру спикерлердің ұсынған қай кітабы қызықтырғаны анықталды. Жоба нәтижесінде іс-шара аяқталғаннан кейін оқырмандар өздеріне ұнаған әдебиеттерді оқуға алды.

FIND A BOOK- жоба мақсаты: оқырмандар мәдениетін дамыту, оқырман құзыретін жетілдіру, оқудың алуан түрлі нысандарын пайдалану арқылы кітап оқуға қызығушылығын дамытады. Алдымен оқырмандарға кітаптың атауымен авторы толық жазылмаған карточкалар үлестіріледі. Нәтижесінде оқушылар көпнүктенің орнын дұрыс толтыра отырып, кітаптың атауы мен авторын жеңіл әрі қызықты түрде есте сақтайды. Және кітаптың атауын бірінші болып тапқан оқырмандар дипломмен марапатталды.